

FTAMP 10.21.01
 ЭОЖ 347.732.6
 JEL K 3

<https://doi.org/10.46914/2959-4197-2025-1-3-27-40>

АБИШЕВА М.Н.,^{*1}

докторант.

*e-mail: abisheva.meruertkz@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-9558-3987,

ЮХНЕВИЧ Э.Э.,²

PhD, профессор.

e-mail: e.juchnevicius@prawo.ug.edu.pl

ORCID ID: 0000-0001-7390-4885

¹әл-Фараби атындағы Қазақ

ұлттық университеті,

Алматы қ., Қазақстан

²Гданьск университеті,

Гданьск қ., Польша

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМДЫҚ САҚТАНДЫРУДЫ ДАМУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Андатпа

Мақалада Қазақстан Республикасындағы исламдық сақтандыруды дамытудың құқықтық мәселелері қарастырылады. Исламдық сақтандырудың теориялық негіздері, оның дәстүрлі сақтандырудан айырмашылықтары жан-жақты талданады. Зерттеудің мақсаты – Қазақстандағы исламдық сақтандырудың қолданыстағы құқықтық базасын сараптап, оны жетілдірудің тетіктерін анықтау. Негізгі зерттеу бағыттары: исламдық сақтандырудың теориялық негіздерін қарастыру, ұлттық заңнамадағы олқылықтарды айқындау, шариғат стандарттарын енгізу жолдарын талдау және халықаралық тәжірибені бейімдеу. Зерттеудің ғылыми маңыздылығы Қазақстандағы исламдық сақтандыруды дамытудың құқықтық мәселелерін кешенді түрде талдаумен айқындалады. Ал практикалық маңыздылығы исламдық сақтандырудың құқықтық негіздерін жетілдіру арқылы қаржы нарығын әртараптандыруға және халықтың ислам қағидаттарына сай қаржылық қызметтерге қол жеткізуін кеңейтуге мүмкіндік береді. Зерттеу барысында салыстырмалы-құқықтық талдау, нормативтік-құқықтық актілерді сараптау, халықаралық тәжірибені зерттеу және жүйелі-құрылымдық әдістер қолданылды. Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы исламдық сақтандыруды дамытудың негізгі құқықтық кедергілерін анықтады. Олар: арнайы заңның жоқтығы, шариғат стандарттарының бірізді еместігі, салықтық және бухгалтерлік реттеу ерекшеліктері болып табылады. Сонымен қатар, заңнамалық өзгерістер енгізу, шариғат кеңесінің мәртебесін күшейту және халықаралық стандарттарды енгізу бойынша ұсыныстар әзірленді.

Тірек сөздер: исламдық сақтандыру, такафул, қаржылық реттеу, ислам экономикасы, жалпы такафул, отбасылық такафул, сақтандыру ұйымдары.

Кіріспе

Қазіргі кезеңде әлемдік қаржы нарығында исламдық қаржы жүйесі ерекше орынға ие болып отыр. Оның ішінде исламдық сақтандыру институты – Шариғат қағидаттарына негізделген қаржылық құрал ретінде кеңінен дамып келеді. Бұл жүйенің басты ерекшелігі – өзара көмек пен әділеттілікке сүйенуі, сондай-ақ пайыздық өсім (риба), белгісіздік (гаррар), құмарлық (майсир) сияқты исламда тыйым салынған элементтердің болмауы.

Қазақстан Республикасында исламдық қаржыландыруды дамыту бағытында бірқатар қадамдар жасалғанымен, исламдық сақтандыруды құқықтық тұрғыда қалыптастыру мәселесі әлі де өзекті болып қала беруде. Ел экономикасын әртараптандыру, қаржы секторына жаңа инвестициялар тарту және халықтың исламдық қағидаттарға сай қаржылық қызметтерге деген сұранысын қанағаттандыру үшін бұл тақырыптың маңызы зор.

Зерттеу жұмысының өзектілігі – исламдық сақтандыруды дамытудың құқықтық негіздері Қазақстан заңнамасында толықтай орнықтағандығында. «Takaful» жүйесін енгізу үшін қолданыстағы «Сақтандыру қызметі туралы» заңның нормалары жеткіліксіз, ал халықаралық тәжірибені бейімдеу қажеттілігі күн тәртібінде тұр. Сонымен қатар, исламдық қаржы өнімдерін реттеуде шарият стандарттарының болмауы құқықтық вакуум қалыптастырып отыр.

Бұған дейінгі отандық зерттеулерде исламдық қаржы құралдарына қатысты еңбектер жазылғанымен, дәл исламдық сақтандырудың құқықтық қырлары жан-жақты қарастырылмаған. Сондықтан бұл мәселені арнайы зерттеу жаңа ғылыми ізденістің қажеттілігін көрсетеді.

Зерттеудің объектісі – Қазақстандағы сақтандыру қызметінің жүйесі.

Зерттеудің пәні – исламдық сақтандырудың (такафулдың) құқықтық реттеу мәселелері.

Зерттеудің мақсаты – Қазақстан Республикасында исламдық сақтандыруды дамытудағы құқықтық кедергілерді анықтап, оларды шешу жолдарын ұсыну.

Зерттеудің міндеттері:

- ♦ исламдық сақтандырудың теориялық және шарияттық негіздерін қарастыру;
- ♦ Қазақстанның қолданыстағы сақтандыру заңнамасын талдау;
- ♦ исламдық сақтандыруды дамытудағы құқықтық олқылықтарды айқындау;
- ♦ халықаралық тәжірибені зерделеп, оны ұлттық заңнамаға бейімдеу жолдарын ұсыну.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің әдістері мен тәсілдері: салыстырмалы-құқықтық талдау, тарихи-құқықтық әдіс, жүйелі-құрылымдық тәсіл, нормативтік-құқықтық құжаттарды сараптау, сондай-ақ шетелдік тәжірибені бейімдеу әдістері қолданылды.

Зерттеу гипотезасы: егер Қазақстанда исламдық сақтандырудың құқықтық негіздері халықаралық стандарттарға сәйкес жетілдірілсе, онда исламдық қаржы нарығының тұрақты дамуына, халықтың сеніміне және қаржы қызметтерінің қолжетімділігіне қол жеткізуге болады.

Практикалық маңызы: зерттеу нәтижелері заң шығарушы органдарға исламдық сақтандыруды дамытуға қатысты заңнамалық актілерді жетілдіруде, қаржы нарығының қатысушыларына жаңа өнімдерді енгізуде және ғылыми қауымдастыққа осы саладағы зерттеулерді одан әрі тереңдетуде қолданыс таба алады.

Нәтижелер мен талқылау

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Экономикалық реформалар азаматтардың табысын арттырып, тұрмыс сапасының жоғары стандартын қамтамасыз еткенде ғана өзін-өзі ақтап, қолдауға ие болады. Осыны әрдайым есте ұстауымыз қажет» деп әділ көрсеткен [1]. Осындай іргелі жаңа экономикалық реформалардың бірі исламдық қаржыландыру жүйесін енгізу.

Исламдық сақтандыру (такафул) – шарият қағидаларына негізделген өзара көмек жүйесі болып табылады. Бұл жүйе исламдық экономика мен қаржының ажырамас бөлігі ретінде дамып, қазіргі заманғы сақтандыру нарығында маңызды орын алуда. Исламдық сақтандыру жүйесінің құқықтық реттелуі көптеген елдерде арнайы заңнамалар мен реттеу тетіктері арқылы жүзеге асырылады.

«Ислам экономикасы мен қаржысы саласындағы зерттеулер саланы түрлі қырынан қарастыруға бағытталған. Жалпы ислам экономикасы мен қаржы жүйесі бойынша заманауи жазбалар XX ғасырдың бірінші ширегінен бастап жазыла бастады. Сала бойынша алғаш зерттеу жүргізгендердің қатарында М. Ғазали, Абу Заһра, М. Хамидуллаһ, М. Зарқа, З. Салих, А. Иқбал, М. Наби, М. Узаир, Б. Садр, И. Абдуһ, Хасануззаман, М. Қахф, Ә. Зарқа, У. Зухайли, Н. Сиддики, Ю. Қардауи, С. Хамуд, А. Юсри, А. Чаудхури, Ф. Хан, М. Жархи, З. Хасан сияқты ғалымдар бар. Аталған ғалымдардың бір бөлігі саланы қаржы-экономикалық қырынан қарастырса, екінші бөлігі қаржы мәселелерін фикһ тұрғысынан зерттеді. Жалпы алғанда, XX ғасырдағы ғалымдардың еңбектері ислам экономикасы мен қаржы жүйесінің теориялық негіздерін қалыптастыруда елеулі рөл атақарады» [2, 9 б.].

Содан бері көптеген ғалымдар, құқықтанушылар исламдық шаруашылық моделін зерттеп, өз үлестерін қосты.

«Исламдық қаржы саласының Қазақстандағы жағдайын зерттеген отандық ғалымдардың арасында К. Бертаева қолданыстағы ислам банкингінің модельдерін Қазақстанмен байланыстыра отырып талдаған. Д. Оналтаев сукук исламдық құнды қағаздарын еліміздегі агробизнес саласында пайдаланудың мүмкіндіктерін зерттеген. А. Салихова және П. Маггс Қазақстандағы исламдық қаржы бойынша қабылданған нормативтік-құқықтық базаның жағдайын зерттеген. Р. Сагиева және Л. Куанова Қазақстанда исламдық қаржыны дамытуда шет елдік тәжірибені тиімді қолдану жолдары бойынша зерттеу жүргізсе, А. Рыскулов «Қазақстан Республикасында исламдық сақтандыру индустриясын дамыту перспективалары» тақырыбында зерттеу жүргізіп, магистр дәрежесін иеленген. Жалпы исламдық қаржы саласы бойынша докторлық және кандидаттық еңбек жазғандардың қатарында: Б. Мейрбаев, Д. Заманбеков ислам экономикасы мен банк жүйесінің діни-этикалық және философиялық қырларына қатысты кандидаттық еңбек жазған, А. Алиев сукук құнды қағаздардың ерекшеліктері туралы докторлық диссертация қорғаған, 2022 ж. Л. Куанова өзінің докторлық диссертациясында исламдық қаржының әлеуметтік тиімділігін зерттеп, Қазақстан нарығындағы исламдық әлеуметтік қаржы инструменттерді дамыту бойынша маңызды ұсыныстар берген» [2, 11 б.].

Заң саласында исламдық сақтандыруды дамытудың құқықтық мәселелерін зерттеуге елеулі үлес қосқан М.Г. Алимжанованың 2013 ж. қорғаған «Қазақстан Республикасы мен Малайзиядағы сақтандыру қызметін құқықтық реттеудің теориялық және практикалық мәселелері (исламдық сақтандыру саласында)» атты ғылыми диссертациясын атауға болады.

Экономика ғылымдарының кандидаты С. Ждановтың айтуынша, «ислам экономикасы» термині экономикалық дамудың ерекше жолының мүмкіндігін білдіру үшін қолданылады. Бұл доктрина «меншік» ұғымына негізделеді. Ол барлық байлықтың Жаратушыға тиесілі екенін, ал адамдардың оны тек басқару құқығына ие екенін білдіреді. Дегенмен, теолог Саид Атару Хусейн мұсылман құқық нормаларының табыс табуға тыйым салмайтынын ерекше атап өтті. Себебі, пайданың өзі адамды еңбек етуге ынталандыру әдісі болып табылатынына көз жеткізді. Алайда, пайда табу сенушінің негізгі мақсатына айналмауы тиіс [3, 35 б.].

Исламдық экономикалық институттар арасында сақтандыру жүйесі ерекше мәртебеге ие. Сақтанушылар сақтандыру ұйымына жарна төлеп, арнайы сақтандыру қорын қалыптастырып, сол қордың қатысушыларына айналады. Осылайша исламдық сақтандыру моделінің механизмі жүзеге асырылады. Бұл ретте сақтандыру ұйымы тек осы қорды басқарушы тұлға болып есептеледі.

Исламдық сақтандырудың дәстүрлі сақтандырумен ұқсастығы, сақтандыру жағдайы орын алғанда, қатысушыға немесе сақтанушыға сақтандыру өтемақысының бірдей сомасы төленетіндігінде. Ал сақтандыру қоры өзінің қаржылық қызметін жүргізіп, жылдық қызмет нәтижелері бойынша алынған пайданы сақтанушылар арасында тең үлестермен дивидендтер ретінде бөледі. Қордың қатысушылары барлық тәуекелдер үшін қосымша жауапкершілікті көтереді. Қор шығынға ұшыраған жағдайда, сақтанушылар қосымша жарналармен сол шығынды өтейді. Егер өз капиталын сақтандырып отырған кәсіпкерде сақтандыру жағдайы орын алмаса, оның сақтандыру ұйымына төлеген жарнасының толық сомасы жойылмайды. Кәсіпкер, өзінің төлеген жарнасы үшін сақтандыру қорының қызметінен түсетін қосымша пайдасын алады.

«Исламдық сақтандыру (такафул)» атауының өзі, оның дәстүрлі сақтандырудан қаншалықты ерекшеленетінін көрсетеді. Исламдық сақтандыру моделі – бұл мұсылман құқықтарының барлық принциптері мен нормаларына сәйкес келетін сақтандыру нысаны. Исламдық сақтандыруда қолдануға тыйым салынған үш элемент бар. Олар: гарар, майсир және риба. Гарар (белгісіздік) сақтандыру шарттарында жиі кездеседі. Бұл коммерциялық сақтандыру шарты сақтандыру жағдайының белгісіз мерзіміне және төлемнің белгісіз сомасына негізделген. Майсир (бұл жағдайда құмарлық ретінде түсінілетін) көптеген исламтанушылардың пікірінше, сақтандыру шарты тараптарының қатынастарында көрінеді. Сақтанушы сақтандыру жағдайының сомасы сақтандыру жарналарынан асып кететінін болжап, өз мүлкін сақтандырады. Бірақ жарнаны төлегеннен кейін сақтандыру жағдайы орын алмауы да мүмкін. Сондай-ақ, кейбір сақтандыру түрлері бойынша пайыздарды төлеу немесе сақтанушының жарналарын пайыздар бар қызметке инвестициялау мұсылман құқықтары бойынша заңсыз болып табылады. Бұл риба

(пайыз) бар екендігін көрсетіп, тыйым салынады. Бірақ жалпы өлшем ретінде қолданылатын пайыздарды, пайда сомасы болатын пайыздармен шатастырмау керек [4, 3 б.]. Коммерциялық сақтандыру ұйымдарының қызметі нақты белгіленген жарналарды төлеуді қарастырады. Бұл тараптар үшін шарттардың елеулі белгісіздігін білдіреді. Ислам Конференциясы Ұйымының Ислам құқық академиясы Кеңесі коммерциялық (дәстүрлі) сақтандыруды Шариғат тұрғысынан жарамсыз және тыйым салынған деп танып, Шариғаттың исламдық серіктестік қағидаттарына негізделген альтернативті сақтандыру жүйесі ретінде такафул сақтандыруды ұсынды [5, 45 б.].

Исламдық сақтандыру қызметінің тәжірибеде екі түрі қарастырылады: жалпы такафул және отбасылық такафул. Жалпы такафул мен дәстүрлі сақтандырудың белгілері ұқсас болып келеді. Себебі ол мүліктік сақтандыруға жатады. Алайда исламдық сақтандыру моделінде сақтандырылатын мүліктің бағалануы өзгеше жүзеге асырылады. Дәстүрлі сақтандыруда мүлікке келтірілген зиян сақтандыру шартында көрсетілген соманың негізінде өтелсе, жалпы такафул сақтандыру мерзімі ішінде мүлікті тұрақты қайта бағалауды қарастырады. Такафул белгісіздікті болдырмау үшін, нарықтағы кез келген мүліктің бағасының тұрақсыздығын есепке алады. Егер бұл рәсім жүргізілмесе, мүліктің құны сақтандыру жағдайы орын алған кезде өсіп кетуі мүмкін. Сол кезде сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру өтемақысы келтірілген зиянды өтеуге жетпейді. Дәл осы жағдай дәстүрлі сақтандыруда жиі кездеседі. Отбасылық такафул өмірді сақтандырумен ұқсас болып келеді. Бірақ ол сақтандырылған адамның отбасы мүшелері мен асыраушыларына әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етуге көбірек бағытталған. Исламдық сақтандыру құқықтанушылары өмірді сақтандырудың Шариғатқа сәйкестігі мен оның отбасылық такафулмен байланысын жоққа шығарады. Себебі олар өмірдің Жаратушының қолында екенін айтады.

Тарихқа тереңірек үңілсек, әр елдің такафул моделі ішкі экономикалық, әлеуметтік және заңнамалық факторларына байланысты қалыптасты. Р.И. Беккиннің пікірінше, әлемдік тәжірибеде исламдық сақтандыру қатынастарын реттейтін нормалардың 3 түрі қалыптасты. Біріншісі – Құран мен сүннетте тікелей қамтылған нормалар, екіншісі – Құран немесе сүннетте баяндалған ережелерді қайталайтын немесе дамытатын нормалар, үшіншісі және кең таралғаны – мұсылман құқықтарының нормалары мен принциптеріне қайшы келмейтін нормалар болып табылады [6, 127 б.].

Ислам әлеміндегі алғашқы мемлекеттердің бірі – Біріккен Араб Әмірлігінде 1979 ж. алғашқы сақтандыру ұйымы құрылды. Сол кезде такафул-ұйымының сақтандыру қызметі үшінші нормамен реттелді. Яғни, оның нормалары мұсылман құқықтарына қайшы келмеді.

Исламдық сақтандыру жүйесін Шариғат нормаларына сәйкестендіру кезінде құқықтанушылар «уақыт, орын және жағдай өзгерген сайын нормаларды өзгерту мүмкіндігі» принципін жиі атап өтеді. Бұл уақыттың өзгеруімен бірге оның талаптарының да өзгеретінін білдіреді. Шынымен де, адамның тұрмысы өзгерген сайын, жаңа технологиялар пайда болады. Осыған байланысты, Шариғаттың кейбір нормаларын қолдану қиындық туғызады. Сондықтан көптеген заңгерлер оларды қазіргі заманғы тенденцияларға бейімдеуге тырысып, Шариғат нормаларына қайшы келмейтін, заманауи мемлекет шеңберінде жұмыс істей алатын сақтандыру нысанын жасауға ұмтылады [6, 130 б.]. Алайда көптеген мұсылман заңгерлері бастапқы норманың мақсатын жоғалту қаупінен сақтану үшін кез келген жаңашылдыққа қарсы шығады. Бұл қарама-қайшылықтар орынды болып есептеледі. Себебі, бүгінгі күні қажетті жаңашылдық пен белгілі бір тұлғалардың мүдделері арасындағы шекараны табу өте қиын. Л.Р. Сюкияйнен өзінің еңбектерінде осындай пікір білдірді. Оның пікірінше, бұл бұрын болмаған ұғымдардың рұқсат етілуіне әкелуі мүмкін [7, 65 б.].

Кез келген қоғамдық қатынастар саласында, соның ішінде сақтандыру жүйесінде де реттелмеген нормалар болады. Мұндай жағдайларда мұсылман құқығында танымал институт – Иджма қолданылады.

Иджма – бұл муджахидтердің (белгіленген талаптарға сай келетін мұсылман құқықтанушы) өзге Шариғат көздерімен реттелмеген қатынастарды реттеу үшін қабылдайтын ортақ пікірі. Оның негізі Шариғаттың зайырлы мемлекеттің құқықтық жүйесінен айырмашылығында жатыр. Біздің мемлекетімізде құқықтық нормаларды реттелетін құқықтық қатынастар бойынша бөлуге болатын болса, Шариғат нормалары барлық қоғамдық қатынастарды жалпы тәртіппен реттейді. Бұл Шариғатта сақтандыруға тікелей қатысты нақты нормалар жоқ екенін, бірақ оған

қатысты жалпы қағидалардың бар екенін білдіреді. Бұл исламдық сақтандыру моделінің қандай болуы керектігі жайында нақты бір пікірге келудің қиындығынан болып отыр.

Исламдық сақтандыру (такафул) моделі біздің елде де, бүкіл әлемде де үлкен қызығушылық тудырып отыр. Такафулдың өзіндік маңыздылығы мен тұрақты тұтынушылары бар. Ол батыстық сақтандыру моделіне балама бола отырып, халықтар арасында кең таралған. Бірақ оның кемшілігі – ұзақ уақыт бойы негізгі исламдық қаржы ұйымдарының даму стандарттарының болмауында еді. Қазіргі таңда, бүкіл әлемде исламдық қаржыны дамытуға қолдау көрсету және жәрдемдесу мақсатын көздейтін бірнеше негізгі ұйым бар. Исламдық қаржы институттары үшін бухгалтерлік есеп және аудит ұйымы (AAOIFI) 1990 ж. Ислам Даму Банкі секілді ірі қаржы ұйымдарының келісімі негізінде құрылған. AAOIFI исламдық қаржы ұйымдарының шаруашылық операцияларының есеп стандарттарын әзірлеу және одан әрі қолдану үшін құрылған. Сонымен қатар, жоғарыда аталғандардың қатарына Исламдық қаржылық қызметтер жөніндегі кеңес (IFSB) кіреді. Ол исламдық қаржылық қызметтер индустриясының тұрақты дамуын қамтамасыз ететін ұйымдарды реттейді. Реттеу міндеті мұсылман құқығы нормаларына сәйкес келетін халықаралық стандарттарды жасау және келісу арқылы жүзеге асады. Қазіргі кезде қаржы ұйымдарын реттейтін мемлекеттік орган пруденциялық нормативтер сияқты жеке әдістемелерге арналған нұсқаулар мен ережелерді бекітті. Ұйымдар әзірлейтін практикалық әдістемелерді исламдық өнімнің сапалы дамуының кепілі екендігін көпшілік мойындайды. Барлық мүмкіндіктерді таразылай келе, Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі (АӨҚОҚРА) Даму департаментінің сарапшылары AAOIFI және IFSB ұйымдарына мүше болу қажеттілігін мойындайды. Өйткені, бұл олардың стандарттарын басшылыққа алуға, исламдық қаржы институттарын реттеу әдістерін қолдануға және өзге де қажетті қолдаулар алуға мүмкіндік береді [5, 78 б.].

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасындағы исламдық сақтандыру ұйымдарының саны шектеулі. Олардың қызмет түрлері негізінен шетелге шығатын азаматтарды медициналық сақтандырумен және жазатайым оқиғалардан сақтандырумен ғана шектеледі. Дегенмен, Қазақстан Республикасындағы исламдық қаржы ұйымдарының даму барысын талдай отырып, жақын арада такафул – сақтандырудың қолжетімді болатынын болжауға болады. Исламдық қаржы ұйымдарын енгізудің алғашқы кезеңдері оңай болмады. Алайда қысқа уақыт ішінде айтарлықтай жетістіктерге қол жеткіздік. Отандық исламдық қаржы жүйесін прогрессивті дамыту үшін мұсылман елдерінің қолдауы мен тәжірибесі аса қажет екенін ұмытпауымыз керек [8, 78 б.].

Қазақстан Республикасының қолданыстағы сақтандыру заңнамасы исламдық сақтандыруды жүзеге асыруға арнайы ережелер мен институттар енгізу арқылы белгілі бір мүмкіндіктер туғызды. Ең алдымен, 2015 жылғы заңнамалық өзгерістерден кейін Қазақстан азаматтық заңнамасына «исламдық сақтандыру шарты» ұғымы енгізілді (ҚР Азаматтық кодексінің 845-1-бабы) [9]. Сол сияқты, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына исламдық сақтандыру қағидаттары туралы арнайы 36-1-бап қосылып, онда «takaful» операцияларының негізгі шариғат талаптары бекітілді. Атап айтқанда, заңда сақтанушылардың өзара қорғау және өзара жауапкершілік принципі, пайыздық табыс алуға тыйым және харам бизнес түрлерін сақтандыруға жол бермеу қағидаттары нақты көрсетілген [10]. Бұл нормалар исламдық сақтандырудың құқықтық негізін айқындап, оның конвенционалдық сақтандырудан айырмашылығын нормативтік деңгейде бекітті.

Исламдық сақтандыру компанияларының құқықтық мәртебесі мен қызметін реттеу үшін де арнайы талаптар қойылған. Қазақстан заңнамасына сәйкес, исламдық сақтандыру қызметін тек уәкілетті органнан (ҚР Ұлттық Банкінен немесе қазіргі қаржы нарығын реттеу агенттігінен) исламдық сақтандыру қызметін жүргізуге арналған лицензия алған ұйым ғана жүзеге асыра алады. Яғни, дәстүрлі (конвенционалдық) сақтандыру компаниясы исламдық сақтандыру өнімдерін тікелей ұсына алмайды – ол үшін жеке маманданған ұйым құруы қажет. Заң бойынша бір ұйымның аясында әрі дәстүрлі, әрі исламдық сақтандыру операцияларын бірге жүргізуге тыйым салынған, бұл екі қызметті араластырмау талабы қойылған. Мұндай норма исламдық сақтандырудың таза шариғат қағидаттарымен жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін енгізілген, себебі бір компанияда екі түрлі жүйе қатар жүргізілсе, қаражаттың араласуы және шариғат талаптарының бұзылуы ықтимал.

Исламдық сақтандыру ұйымдарына қатысты қаржылық тұрақтылық және қадағалау талаптары да анықталған. Олар жалпы сақтандыру компанияларына қойылатын корпоративтік басқару құрылымын сақтайды, бірақ қосымша ретінде міндетті түрде Шариғат қағидаттары жөніндегі кеңес құруы тиіс. Сонымен бірге, исламдық сақтандыру компаниялары сақтандыру сыйақыларынан құралған исламдық сақтандыру қорын дербес есепке алады және сол қаражатты басқару тәртібі заңнамада белгіленген ерекшеліктерге бағынады. Мысалы, компания өзінің басқарушылық қызметі үшін сол қордан алдын ала келісілген сыйақы (гәраж немесе уакала ақысы) алуға құқылы, бірақ бұл сыйақы мөлшері шектен тыс болмауы және сақтанушылар мүддесіне нұқсан келтірмеуі тиіс. Сондай-ақ заң исламдық сақтандыру ұйымының активтерін қандай құралдарға инвестициялауға болатынын айқындауды Шариғат кеңесінің құзыретіне берген [11]. Бұл исламдық қаржы принциптеріне сай инвестициялық саясатты жүргізуге мүмкіндік береді. Исламдық сақтандыру компанияларының қызметі Ұлттық Банктің (қазіргі Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің) қадағалауында болады және оларға пруденциалдық нормативтер мен капиталына қатысты талаптар қойылады – реттеуші орган исламдық сақтандырудың ерекшеліктерін ескеретін арнайы нормативтік құқықтық актілерді де қабылдауда.

Сонымен қатар, Қазақстан заңнамасы исламдық сақтандырушыларға кейбір сақтандыру сыныптарында қызмет етуге мүмкіндік беріп отыр. Мәселен, 2015 жылғы түзетулер нәтижесінде исламдық сақтандыру ұйымдарына міндетті сақтандыру түрлерімен айналысуға рұқсат етілді. Яғни, экологиялық міндетті сақтандыру, жұмысшыларды жазатайым оқиғадан міндетті сақтандыру секілді заң бойынша міндетті саналатын сыныптарда да исламдық сақтандыру компаниясы қызмет көрсете алады. Бұл оларды тек нишалық ерікті сақтандырумен шектемей, жалпы нарыққа қатысуына мүмкіндік береді. Мұны исламдық сақтандыруды қолдаушы құқықтық қадам деп қарастыруға болады.

Дегенмен, қазіргі құқықтық реттеуде бірқатар шектеулер мен шешілмеген мәселелер де жоқ емес. Біріншіден, исламдық сақтандыруды дамытудағы институционалдық шектеу – қолданыстағы модель бойынша тек дербес маманданған компаниялар ғана жұмыс істей алатынында. Бұл талап нарыққа жаңа ойыншылардың кіруін қиындатуы мүмкін, себебі ірі конвенционалдық сақтандырушылар исламдық «терезе» ашып, өнім ұсына алмайды (бұл жайында келесі бөлімде ұсыныстар айтылады). Шетел тәжірибесінде бірқатар елдер дәстүрлі сақтандыру компанияларына исламдық сақтандыру терезесін ашуға рұқсат беру арқылы *takaful* нарығын кеңейткені белгілі [12]. Қазақстанда болса, қазірше мұндай мүмкіндік заңмен қарастырылмаған – бұл исламдық сақтандырудың тез өріс алуына тежеу болуы ықтимал.

Екіншіден, заңнамалық терминология және концепция мәселесі көрініс табады. 2015 жылғы өзгерістер кезінде заң шығарушы «исламдық сақтандыру» терминін енгізгенімен, «такафул» ұғымының өзі заң мәтінінде қолданылмаған [13]. Терминологиялық бейтараптық жергілікті құқықтық дәстүрді сақтау мақсатында жасалған қадам шығар, алайда бұл халықаралық тәжірибедегі жалпы қолданыстан ерекшеленеді. Сондай-ақ, сақтандыру туралы заңда исламдық сақтандыруға қатысты тараптарды сипаттау үшін дәстүрлі «сақтанушы» және «сақтандырушы» терминдері қалдырылған, оларды «қатысушы» және «оператор» деп өзгертпегені байқалады. Мұның нәтижесінде, исламдық сақтандыру келісімдері іс жүзінде классикалық сақтандыру шарты формасына өте ұқсас болып қалып, концептуалдық тұрғыда жаңа жүйенің философиясы толық көрінбеуі мүмкін. Ең бастысы – заңнамаға «исламдық өмірді сақтандыру» (өмірді исламдық сақтандыру) деген түсінік енгізілді, бұл шариғат принциптері тұрғысынан даулы ұғым. Өйткені, кейбір ислам ғұламалары өмірді тікелей сақтандыруды құмарлықпен байланыстырып тыйым салғанымен, *takaful* жүйесінде өмірді сақтандыру (*family takaful*) өзге тәсілмен ұйымдастырылады. Біздің заңнамада осы ұғымды енгізу исламдық қаржы принциптерін толық түсінбеуден туған концептуалдық қателік деп бағаланады. Мұндай олқылық болашақта түсінбеушілік тудырып, шариғатқа қайшы өнімдердің пайда болуына алып келуі мүмкін.

Үшіншіден, құқықтық базада кейбір нақтылықтың жоқтығы байқалады. Мәселен, исламдық сақтандыру компаниясы банкроттық жағдайына ұшыраса, оның бұрын қатысушыларға төленбей қалған қарызы (кард әл-хасан ретінде берген несие) қалай қаралатыны толығымен айқын

емес. Заңда компания беретін пайызсыз қарыз туралы норма бар болғанымен, ол қарызды қайтару кезінде сақтанушылардың талабы басымдыққа ие бола ма, жоқ па – белгісіз қалып отыр [11]. Теориялық тұрғыда, егер исламдық сақтандырушы жабылса, қатысушылардың жарналары жатқан қордың активтері бөлек сақталғандықтан, олар қор міндеттемелерін өтеуге жұмсалуды керек және компания кредиторлары ол қаражатқа тиісуге құқысыз. Алайда сақтандырушы компания өзінің берген қарызын қайтару үшін қордың болашақ артығын талап етуге құқы бар ма, ол талаптың басымдығы қандай – мұны нормативтік тұрғыда нақтылау қажет. Бұл мәселе әзірше практикалық тұрғыда туындамағанмен, құқықтық анықтығы маңызды.

Жалпы алғанда, Қазақстанның сақтандыру заңнамасы исламдық сақтандыруды енгізу жолында айтарлықтай қадам жасап, институционалдық және құқықтық алаң құрды. Мысалы, исламдық сақтандыру қоры, шариғат кеңесі, ерекше лицензиялау тәртібі секілді тетіктер заң жүзінде бекітілді. Бұл – мүмкіндіктер жағы. Ал шектеулер ретінде нарықтық реалияларды ескеретін кейбір икемділіктің жетіспеуі (мысалы, «исламдық терезелердің» болмауы), тұжырымдамалық дәлдік мәселелері және толықтыруды қажет ететін жекелеген құқықтық олқылықтар аталып отыр.

Қазақстандағы исламдық сақтандыру секторының әлеуетін ашу және оны қарқынды дамыту үшін құқықтық база мен реттеу тетіктерін жетілдіру бағытында бірнеше ұсынысты қарастыруға болады.

1. Исламдық «терезелер» енгізу мүмкіндігін қарастыру қажет. Қазіргі заңнамаға сәйкес, дәстүрлі сақтандыру компаниясы исламдық сақтандыру қызметін тікелей көрсете алмайды, бұл нарыққа жаңа өнімдердің шығуын тежейді. Сол себепті, конвенционалдық сақтандыру ұйымдарына исламдық қаржы қағидаттарына сай сақтандыру өнімдерін ұсынуға мүмкіндік беретін «исламдық терезе» механизмін енгізу орынды болар еді. Мұндай механизм банктік салада енгізілгелі жатыр: қаржы реттеушісі 2025 ж. банк қызметі туралы жаңа заң жобасына исламдық терезелерді легализациялау нормасын енгізуде, яғни дәстүрлі банктерге өз инфрақұрылымы аясында шариғат талаптарына сай қызмет көрсетуге рұқсат бермек [14]. Бұл қадам исламдық қаржыны бүкіл жүйеге кеңінен кіріктіру үшін жасалуда. Сақтандыру саласында да осы тәжірибені қолдануға болады. Мысалы, Малайзия, Бахрейн, Пәкістан сияқты елдерде көптеген конвенционалдық сақтандырушылар өз жанынан *takaful* бөлімшелерін (терезелерін) ашып, клиенттерге балама өнімдер ұсынып келеді. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, исламдық терезелерді енгізу нарықты тез кеңейтуге және халықтың әртүрлі сегментіне жетуге септігін тигізеді [12]. Қазақстан үшін де сақтандыру заңнамасына тиісті өзгерістер енгізіп, лицензиялау талаптарын жеңілдету арқылы осындай қадам жасау исламдық сақтандыру көлемін арттыруға ықпал етер еді. Әрине, терезелер қызметін қатаң шариғат бақылауына алу және қаржылық есептілікті бөлек жүргізу талаптары қоса қарастырылуы тиіс. Дегенмен, бұл реформа отандық ірі сақтандыру компанияларының ресурс пен инфрақұрылымын пайдалана отырып, исламдық сақтандыруды жылдам ілгерілетуге мүмкіндік береді.

2. Құқықтық терминологияны және нормаларды шариғат талаптарына толық сәйкестендіру керек. 2015 жылғы заңнамаға енгізілген кейбір түсініктерді қайта қарастыру қажет. Атап айтқанда, «исламдық өмірді сақтандыру» ұғымын шариғатқа сай келетін «отбасылық *takaful*» (немесе «жанұялық исламдық сақтандыру») деген баламамен алмастырып, оның шарттары мен ерекшеліктерін жеке нормативтік актімен нақтылау ұсынылады. Сонымен бірге, исламдық сақтандыру келісімдерінің тараптарын дәстүрлі «сақтандырушы-сақтанушы» терминдерінен гөрі «түшарик» (қатысушы) және «такафул операторы» деп атауды заң мәтінінде қарастыруға болады – бұл тұжырымдамалық дәлдік үшін маңызды. Әрине, терминологияны өзгерту құқықтық техниканың мәселесі болғанымен, ол жаңа институттың мәнін дұрыс түсінуді жеңілдетеді. Бұған қоса, заңнаманың мақсатты аудиторияға түсінікті болуы үшін қазақ тілінде де нақты аударылған терминдер қолданған жөн («такафул» сөзі көпшілікке бейтаныс болса, кемінде жақша ішінде көрсетуге болады). Жалпы, құқықтық актілерді халықаралық стандарттарға сәйкестендіре отырып, ұлттық ерекшелікке сай бейімдеу керек.

3. Шариғат кеңестерінің қызметін регламенттеу және бірыңғай стандарттар енгізу қажет. Қазіргі кезде әрбір исламдық қаржы ұйымы жанында шариғат кеңесі бар, бірақ олардың жұмысы көбіне ұйымның ішкі құжаттарымен реттеледі. Ұлттық деңгейде шариғат кеңестерінің

шешімдеріне қойылатын бірыңғай талаптар мен стандарттарды әзірлеу қажет. Мысалы, Кеңес мүшелерінің біліктілігі, тәуелсіздігі, шешімдерін тіркеу тәртібі, шариғат қағидаларын түсіндіруде қолданылатын көздер (AAOIFI стандарттары ма, әлде жергілікті пәтуалар ма) нақтыланғаны дұрыс. Бұл үшін Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу агенттігі халықаралық тәжірибеге сүйене отырып (әсіресе Бахрейндегі AAOIFI және Малайзиядағы ISRA стандарттарын ескере отырып), исламдық қаржы бойынша Орталық Шариғат Кеңесін немесе балама үйлестіруші орган құруы мүмкін. Мұндай орган қаржылық мекемелер жанындағы шариғат кеңестерінің қаулыларын үйлестіріп, қайшылық туындаса пәтуа шығарып, жалпы нұсқаулық беріп отырса, исламдық сақтандырудың шариғат талаптарына сәйкестігіне сенімділік артады. Сондай-ақ, шариғат кеңестерінің жұмысын реттейтін нормативтік-құқықтық акт қабылдап, онда кеңес мүшелерінің міндеттері мен жауапкершілігін заңды түрде бекіту керек. Бұл қадам исламдық сақтандыру жүйесінің тұтас тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

4. Салық және есеп жүйесін жетілдіруде аса маңызды. Исламдық сақтандыру операцияларының қаржылық есептілігі мен салық салуын дәстүрлі сақтандырумен теңестіру, қажет болғанда ерекше жағдайларын ескеру керек. Мысалы, сақтандыру төлемінен артылған қаражатты (сурутплус) қатысушыларға қайтару немесе қайырымдылыққа беру кезінде қосымша салық ауыртпалығы туындамауы тиіс. Халықаралық тәжірибеде исламдық қаржы келісімдеріне қолайлы салық режимі беру оларды ынталандырады деп танылған. Сондықтан Қазақстанда да салық кодексіне исламдық сақтандыруға қатысты өзгертулер енгізіп, қосарланған салық салуды болдырмау, пайызсыз қаржы операцияларына жеңілдік беру секілді нормаларды бекіту ұсынылады. Бұған қоса, бухгалтерлік есеп стандарттарын да бейімдеу керек: исламдық сақтандыру қоры, оператордың жеке қаражаты, қатысушылардың жарнасы және қайта сақтандыру резервтері бөлек көрініс табатын есеп үлгісін енгізу қажет. Бұл салаға қатысты қаржылық есептің халықаралық стандарты (IFRS) жоқ болса да, AAOIFI әзірлеген исламдық қаржы есеп стандарттарын негізге алуға болады.

5. Реттеуші органдардың қадағалау құралдарын жетілдіру және реттеуші құмсалғыш (sandbox) пайдалану ережелері қажет деген пікірдеміз. Исламдық сақтандыру – жаңа құбылыс болғандықтан, оны қадағалау барысында дәстүрлі тәсілдер әрдайым тиімді болмауы мүмкін. Сондықтан Қаржы нарығын реттеу агенттігі мен Ұлттық Банк реттеуші құмсалғыш режимін исламдық қаржы өнімдері үшін іске қосқаны жөн. Яғни, жаңа takaful өнімдерін немесе моделдерін нарыққа шығармас бұрын шектеулі ортада сынап көруге мүмкіндік беру керек. Мұның құқықтық тетіктерін жасап, өтініш білдірген компанияларға уақытша ерекше жағдай жасап, инновациялық исламдық сақтандыру шешімдерін тестілеуге жағдай жасалса, кейін сол тәжірибе негізінде заңнаманы тұрақты өзгертуге негіз пайда болады [14]. Сондай-ақ, реттеуші тарапынан тұрақты түрде нұсқаулықтар, қаулылар шығарып отыру арқылы шариғат талаптарын іске асыру барысын мониторингтеу маңызды. Мысалы, Ұлттық Банктің 2018 жылғы арнайы қаулысымен исламдық сақтандыру қорын басқарғаны үшін компанияның ақы алу ережелері бекітілгені белгілі – осындай нақтылау құжаттарын басқа да аспектілер бойынша шығарып отыру керек. Реттеушінің икемді ұстанымы мен әдістемелік көмегі исламдық сақтандырудың орнығуын жеңілдетеді.

6. Халықаралық қайта сақтандыру және ынтымақтастықты дамыту қажеттілігі маңызды. Отандық исламдық сақтандырушылардың төлем қабілеттілігін қолдау үшін халықаралық re-takaful (исламдық қайта сақтандыру) нарығымен байланыс орнату қажет. Құқықтық тұрғыда, шетелдік қайта сақтандыру ұйымдарының Қазақстанда қызмет көрсетуіне кедергіні азайтып, мүмкіндігінше оларды тіркеу тәртібін жеңілдеткен жөн. AIFC алаңы арқылы шетелдік takaful және re-takaful операторларын тарту да бір шешім бола алады – ол үшін AIFC юрисдикциясында кейбір қосымша ынталандырулар (салық жеңілдігі, жеңілдетілген лицензиялау) қарастырылған. Ұлттық деңгейде де, егер шетелдік исламдық қайта сақтандырушы компаниялар отандық нарыққа филиал ашса, оған құқықтық режим жасау сұрағын ойластырған абзал. Сондай-ақ, «Исламдық сақтандыру туралы» жеке заң қабылдап, онда халықаралық шарттар мен коллизиялық нормалар мәселесін реттеу ұсынылуы мүмкін. Қазіргі кезде исламдық сақтандыру

қарым-қатынастарының шекарааралық өлшемі күшейіп келеді, сол себепті Қазақстан құқықтық жүйесі де одан шет қалмауы тиіс.

Жоғарыда аталған ұсыныстарды іске асыру Қазақстандағы исламдық сақтандыру индустриясын жандандыруға құқықтық негіз қалайтыны сөзсіз. Әсіресе исламдық терезелерді ашуға рұқсат беру, шарифат бақылауын жүйелеу және салықтық жеңілдіктер жасау сияқты қадамдар қысқа мерзімде оң нәтиже беруі ықтимал. Бұл реформалар еліміздің қаржы жүйесін әртараптандыруға және халыққа баламалы өнімдерді ұсынуға ықпал етеді. Келесі бөлімде шет мемлекеттердің тәжірибесіне шолу жасап, қандай сабақ алуға болатынын қарастырамыз.

Халықаралық тәжірибені қолдану және Қазақстанға бейімдеу жолдарын дамыту маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Исламдық сақтандыру бүгінде әлемнің көптеген елдерінде дамып, жаһандық қаржы жүйесінің бір бөлігіне айналды. Халықаралық тәжірибе Қазақстан үшін екі тұрғыдан маңызды: біріншіден, табысты үлгілерден үйрену, екіншіден, басқа елдерде кездескен қиындықтарды ескеріп, солардан сабақ алу. Мәселен, Малайзия тәжірибесі исламдық қаржының көшбасшыларының бірі әрі *takaful* саласының ең дамыған нарығы саналады. Бұл ел 1984 ж. әлемде алғашқылардың бірі болып арнайы *Takaful Act 1984* заңын қабылдап, алғашқы исламдық сақтандыру компанияларын іске қосты. Қазіргі таңда Малайзияда ондаған *takaful* операторы жұмыс істейді және олар өмірді сақтандыру (*family takaful*) мен жалпы сақтандыру (*general takaful*) секторларында елеулі нарық үлесіне ие. Мемлекеттің орталық банк (*Bank Negara Malaysia*) жанында исламдық қаржыны қадағалайтын арнайы департамент бар, сонымен бірге шарифат кеңестерінің ұлттық деңгейдегі үйлестіруші органы жұмыс істейді. Малайзияның басты жетістігі – толыққанды реттеу базасын құрып, исламдық сақтандыруды қаржы жүйесінің ажырамас бөлігіне айналдыруы. Мысалы, бұл елде *takaful* компанияларының активтері мен міндеттемелерін есепке алу, сақтандыру төлемдерін бөлу, табыстан артық қалған пайданы (сурутплюсты) қатысушыларға үлестіру тәртібі заңмен бекітілген. Сонымен қатар, әрбір сақтандыру компаниясында ішкі шарифат бақылауымен қатар, салалық қауымдастықтар арқылы стандарттау жүргізіледі. Қазақстан Малайзия тәжірибесінен мынаны бейімдей алады: исламдық сақтандыру бойынша арнайы заңнама немесе жеке бөлім енгізу; мемлекеттік қадағалау органы жанынан исламдық қаржы жөніндегі арнайы комитет құру; кадр даярлау мен халықты ақпараттандыру бойынша мемлекеттік бағдарлама жасау. Сондай-ақ, Малайзияның AAOIFI (*Accounting and Auditing Organization for Islamic Financial Institutions*) және IFSB (*Islamic Financial Services Board*) сынды халықаралық ұйымдардың стандарттарын ұлттық нормативтерге икемді қолдану тәжірибесін алу маңызды. Бұл біздің құқықтық базамызды әлемдік талаптарға үйлестіруге көмектеседі.

Парсы шығанағы елдерінің тәжірибесіне көңіл бөлуде маңызды деп есептейміз. Сауд Арабиясы, Біріккен Араб Әмірліктері (БАӘ), Бахрейн, Қатар сияқты GCC (*Gulf Cooperation Council*) елдері де исламдық сақтандырудың өркендеуіне үлес қосқан аймақтар. Әсіресе, Сауд Арабиясының моделі назар аударарлық: онда барлық сақтандыру компаниялары шарифатқа сәйкес кооперативтік сақтандыру форматында жұмыс істейді, яғни іс жүзінде елдегі сақтандыру нарығы 100% исламдық принциптерге өткен [15]. Бұл жүйеде заңмен белгіленген кооперативтік сақтандыру компаниялары пайдасының белгілі бір бөлігі қатысушыларға қайтарылады немесе қайырымдылыққа жұмсалады, ал қалған бөлігі акционерлерге тиесілі. Саудиялық реттеу тәжірибесінде исламдық және дәстүрлі сақтандыру арасында айырмашылық жоқ – барлығы бірыңғай исламдық негізде. БАӘ және Бахрейнде болса, дәстүрлі және исламдық сақтандырушылар қатар жұмыс істегенімен, олар үшін ортақ қадағалау органдары (орталық банк немесе сақтандыру басқармасы) арнайы исламдық қаржы бөлімшелерін құрған. Бұл елдерде *retakaful* нарығы да дамыған – халықаралық қайта сақтандыру компаниялары (мысалы, *Saudi Re*, *Emirates Retakaful*) қызмет етеді. Қазақстан осы аймақтан ең алдымен ретакафулды дамыту жолдарын үйрене алады. Мысалы, ірі исламдық қайта сақтандырушыларды елге тарту үшін бірлескен кәсіпорындар құру немесе олардың өкілдіктерін ашу бағытында инвестициялық жеңілдіктер ұсыну. Сонымен бірге, Саудиядағыдай кооперативтік модельдің құқықтық тетіктерін зерттеп көру де артық емес – біздің жағдайда барлық сақтандыруды бірден исламдық негізге көшіру мүмкін болмаса да, оның кейбір элементтерін (пайда бөлу тәртібі сияқты) ерікті қолданатын компанияларға рұқсат беру ойға қонымды.

Мұсылман емес елдер де исламдық қаржыға құқықтық негіз қалыптастырып, табысты қолдана бастаған. Соның бірі – Ұлыбритания, әлемдік қаржы орталығы ретінде исламдық банкинг пен сукукты дамытумен қатар, сақтандыру саласында да исламдық өнімдерге бейімделді. Лондондағы Lloyd's сақтандыру нарығында 2018 жылға дейін бірнеше ретакафул синдикаттары жұмыс істеген, сондай-ақ 2008 ж. Ұлыбританияда алғашқы толыққанды исламдық сақтандыру компаниясы (Salaam Halal Insurance) ашылған. Британия үкіметі исламдық қаржыға қолайлы орта жасау үшін салық заңдарын өзгертіп, Sharia-compliant қызметтерге дәстүрлілермен бірдей жағдай ұсынды. Нәтижесінде, Лондон бүгінде Таяу Шығыс пен Азиядан келетін исламдық сақтандырушылардың Еуропалық хабына айналды. Қазақстан Ұлыбритания үлгісінен ең алдымен реттеушілік икемділік пен проактивті саясатты үлгі етуі керек. Яғни, шетелдік инвесторларға, әсіресе, исламдық қаржы саласындағы ойыншыларға тартымды жағдай жасау (AIFC аясында салық жеңілдіктері берілуі – осы бағыттағы бір қадам). Сонымен бірге, Ұлыбританияның білім беру жүйесінде исламдық қаржы мамандарын даярлау белсенді жүргізіледі: бірнеше университетте исламдық қаржы бойынша магистрлік бағдарламалар бар. Бізге де осындай мамандарды өз елімізде даярлау немесе шетелде оқытып әкелу – құқықтық реформаларды сапалы жүзеге асырудың кепілі. Себебі, исламдық сақтандыру саласының дамуы заңнамадан басқа, адами капиталға да тікелей байланысты.

Жоғарыдағы халықаралық тәжірибелерді қорытындылай келе, Қазақстан үшін мынадай бейімдеу жолдары ұсынылады: біріншіден, құқықтық үйлесімділік – отандық заңнаманы IFSB және AAOIFI секілді ұйымдардың стандарттарымен барынша үндестіру (мәселен, IFSB-27 стандарты исламдық сақтандыруды қадағалаудың негізгі принциптерін қамтиды, оны ұлттық деңгейде басшылыққа алу); екіншіден, институционалдық ынтымақтастық – Малайзия, Бахрейн, Түркия сынды елдердің реттеуші органдарымен меморандумдар жасап, тәжірибе алмасу бағдарламаларын жүзеге асыру; үшіншіден, кадрлық әлеуетті арттыру – шетелдегі исламдық қаржы бойынша оқу орындарымен байланыс орнатып, мамандарды оқыту, сондай-ақ өзіміздің жоғары оқу орындарында исламдық банкинг және сақтандыру негіздері пәндерін енгізу; төртіншіден, халықаралық нарыққа шығу – отандық исламдық сақтандыру компанияларының шетелдік қайта сақтандырушылармен серіктестігін ынталандыру, қажет болса шетелден стратегиялық инвестор тарту арқылы капитал мен технология алу.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, исламдық сақтандыруды дамытудың бір жолы – оны жалпы қаржы жүйесінің үйлесімді бөлігіне айналдыру, яғни дәстүрлі қаржы институттарымен қатар дамуына жағдай жасау. Қазақстан осы бағытта алғашқы қадамдарын жасады, ендігі міндет – сол қадамдарды жүйелі саясатқа ұластырып, әлемдік озық тәжірибені жергілікті жағдайға бейімдеп, салаға серпін беру.

Қорытынды

Қазақстандағы исламдық сақтандыруды дамытудың құқықтық мәселелерін зерттеу нәтижесі көрсеткендей, елімізде осы секторды жолға қою үшін негіз қалыптастырылғанымен, алда шешімін таппаған түйіндер мен атқарылар жұмыстар жеткілікті. 2009–2015 жж. қабылданған заңнамалық өзгерістер Қазақстанды посткеңестік кеңістікте исламдық қаржыландырудың пионері қылды – ислам банктері мен сукук шығаруға мүмкіндік туып, 2015 ж. исламдық сақтандыру ұғымы ресми түрде енді. Нәтижесінде, алғашқы takaful компаниясы пайда болып, халыққа шариғат талаптарына сай сақтандыру өнімдерін ұсына бастады. Қазіргі құқықтық база исламдық сақтандырудың негізгі қағидаттарын мойындап, оны жүргізудің тәртібін белгілейді: жеке лицензиялау, исламдық сақтандыру қоры, шариғат кеңесі, пайыздық табыс пен харам инвестицияларға тыйым секілді тетіктер заңмен бекітілген. Бұл мүмкіндіктер исламдық сақтандыруды бастауға жол ашқан маңызды қадамдар болды.

Дегенмен, саланы толыққанды дамыту үшін құқықтық алаңды одан әрі жетілдіру қажеттігі айқындалды. Біріншіден, заңнаманың өзі эволюциялық өзгерістерге мұқтаж: исламдық «терезелер» тәрізді икемді тетіктер енгізу, терминологияны шариғатқа сәйкес келтіру, кейбір нормалардың анық еместігін жою сияқты міндеттер бар. Екіншіден, реттеуші органдардың саясатында да проактивтілік қажет – жаңа өнімдерді сынақтан өткізу үшін жеңілдікті режимдер

(sandboxes), исламдық қаржыға маманданған қадағалау бөлімшелері болуы тиіс. Үшіншіден, нарықтың өзін дамыту үшін салықтық және экономикалық ынталандырулар керек – исламдық сақтандыруға нейтрал немесе жеңілдетілген салық тәртібі, AIFC арқылы шетел инвестициясын тарту шаралары. Төртіншіден, халықтың қаржылық сауатын арттыру және исламдық қаржы туралы дұрыс түсінік қалыптастыру маңызды – бұл да жанама болса да құқықтық мәдениеттің бір бөлшегі. Осы бағыттардың бәрінде кешенді жұмыс жүргізілсе, исламдық сақтандыру Қазақстанның көптүрлі қаржы нарығында өз орнын алып, халыққа балама, этикалық және өзара әділдікке негізделген сақтандыру қызметін ұсынатын салаға айналары сөзсіз.

Халықаралық тәжірибені талдау Қазақстанға дамудың дара жолын іздеуде бағыт-бағдар береді. Малайзияның кешенді құқықтық жүйесі, GCC елдерінің нарықтық тәжірибелері және Батыс елдерінің икемді реттеуші әдістері біздің реформалар үшін тамаша үлгі бола алады. Әсіресе, құқықтық реформаларды іске асыруда сол елдерде қалыптасқан стандарттар мен принциптерді қабылдап, жергілікті ерекшеліктермен ұштастыру тиімді болмақ. Мысалы, IFSB және AAOIFI стандарттарын ендіру, шариғат кеңестерінің шешімдерін үйлестіру, исламдық қаржы бойынша мамандармен қамтамасыз ету мәселелері – барлығы кешенде шешілуі тиіс. Бұл орайда мемлекет, реттеуші органдар, қаржы ұйымдары және ғылыми қауымдастық бірлесе әрекет етіп, исламдық сақтандыру институтын орнықтыруға атсалысуы керек.

Қорытындылай келе, Қазақстандағы исламдық сақтандыруды дамытудың құқықтық мәселелері біртіндеп шешімін тауып келе жатқанымен, әлі де атқарылар іс көп. Қолданыстағы заңнамалық базаны халықаралық озық тәжірибеге сай жетілдіру, нарықтың сұранысына икемдеу – уақыт талабы. Дұрыс бағытта жүргізілген реформалар нәтижесінде Қазақстанның исламдық сақтандыру секторы алдағы жылдары өсіп, отандық қаржы жүйесінің маңызды құрамдас бөлігіне айналуы әбден мүмкін. Ол үшін бүгінгі таңда қабылданатын құқықтық шешімдер ертеңгі күні исламдық сақтандырудың дамуының берік іргетасына айналмақ. Бұл сала ел азаматтарына этикалық және әділетті қаржы өнімдерін ұсыну арқылы әлеуметтік-экономикалық тұрақтылыққа да өз үлесін қосары сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі. URL: <http://www.akorda.kz/> (өтініш берілген күн: 01.05.2025)
- 2 Стамбакиев Н.Ж. Қазақстан Республикасындағы исламдық қаржы институттарының қалыптасуы және қызметтерінің ерекшеліктері: 6D021500-Исламтану Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы. – 174 б. URL: <https://www.nmu.edu.kz/wp-content/uploads/2024/07/> (өтініш берілген күн: 01.05.2025)
- 3 Жданов С. Исламская экономика: ретроспективный анализ // Финансовый рынок. – 2000. – № 5. – С. 35–42.
- 4 Караев М. Исламские финансы: внедрение единых стандартов // Юридическая газета. – 2015. – № 11. – С. 3.
- 5 Алимжанова М.Г. Қазақстан Республикасы мен Малайзиядағы сақтандыру қызметін құқықтық реттеудің теориялық және практикалық мәселелері (исламдық сақтандыру саласында): 6D030100 – Юриспруденция Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы. – 126 б.
- 6 Беккин Р.И. Правовые основы исламского страхования // Исламские финансы в современном мире. Экономические и правовые аспекты. – М.: Наука, 2004. – 335 с.
- 7 Сюкияйнен Л.Р. Мусульманское право. – М.: Юрист, 1986. – 245 с.
- 8 Рыскулов А.С. Проблемы внедрения исламского страхования (Такафул) в Республике Казахстан // Международная конференция «Проблемы, перспективы исламских финансов в международных валютно-кредитных и финансовых отношениях». – Москва: Финансовая академия при Правительстве Российской Федерации, 2010. – С. 78–89.
- 9 Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім) Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 Кодексі. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409> (өтініш берілген күн: 01.05.2025)

- 10 Сақтандыру қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы N 126 Заңы. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000126_ (өтініш берілген күн: 01.05.2025)
- 11 Islamic Finance in Kazakhstan: New Amendments. URL: <https://www.bakermckenzie.com/> (accessed: 01.05.2025)
- 12 Zhanar Oralbaeva, Orazgul Dzhakisheva, Karlygash Kurbanova, Assiya Naukanova Development opportunities of islamic finance in Kazakhstan: world experience and perspectives. URL: <https://www.e3s-conferences.org/a> (accessed: 01.05.2025)
- 13 Islamic finance. The Untold Story of Islamic Insurance in Kazakhstan. URL: <https://www.finformed.org/the> (accessed: 01.05.2025)
- 14 Исламское финансирование в Казахстане: что важно знать. URL: <https://fingramota.kz/ru/news/post/islamskoe-finansirovanie-v-kazahstane-chto-vazhno-znat> (дата обращения: 01.05.2025)
- 15 Features of the takaful insurance market. URL: <https://www.atlas-mag.net/en/category/> (accessed: 01.05.2025)

REFERENCES

- 1 Memleket bassysy Qasym-Jomart Toqaevtyñ Qazaqstan xalqyna Joldaуy. 2020 jylǵy 1 qypküiek Jaña jaǵdaıdaǵy Qazaqstan: is-qimyl kezeñi. URL: <http://www.akorda.kz/> (ötiniş berilgen kün: 01.05.2025). (in Kazakh).
- 2 Stambakiev N.J. Qazaqstan Respublikasyndaǵy islamdyq qarjy instituttarynyñ qalyptasuy jáne qyzmetteriniñ erekselikteri: 6D021500-İslamtanu Filosofia doktory (PhD) дәреjesin alu üşin daiyndalǵan disertasia. Almaty. 174 p. URL: <https://www.nmu.edu.kz/wp-content/uploads/2024/07/> (ötiniş berilgen kün: 01.05.2025). (in Kazakh).
- 3 Zhdanov S. (2000) Islamskaja jekonomika: retrospektivnyj analiz // Finansovyj rynek. No. 5. P. 35–42. (In Russian).
- 4 Karaev M. (2015) Islamskie finansy: vnedrenie edinyh standartov // Juridicheskaja gazeta. No. 11. P. 3. (In Russian).
- 5 Alimjanova M.G. Qazaqstan Respublikasy men Malaiziadaǵy saqtandyru qyzmetin qūyqytyq retteudiñ teorialyq jáne praktikalyq мәseleleri (islamdyq saqtandyru salasynnda): 6D030100 – İurisprudensia Filosofia doktory (PhD) дәреjesin alu üşin daiyndalǵan disertasia. Almaty. 126 p. (in Kazakh).
- 6 Bekkin R.I. (2004) Pravovye osnovy islamskogo strahovaniya // Islamskie finansy v sovremennom mire. Jekonomicheskie i pravovye aspekty. M.: Nauka. 335 p. (In Russian).
- 7 Sjukijajnen L.R. (1986) Musul'manskoe pravo. M.: Jurist'. 245 p. (In Russian).
- 8 Ryskulov A.S. (2010) Problemy vnedreniya islamskogo strahovaniya (Takaful) v Respublike Kazahstan // Mezhdunarodnaja konferencija «Problemy, perspektivy islamskih finansov v mezhdunarodnyh valjutno-kreditnyh i finansovyh otnoshenijah». Moskva: Finansovaja akademija pri Pravitel'stve Rossijskoj Federacii. P. 78–89. (In Russian).
- 9 Qazaqstan Respublikasynyñ azamattyq kodeksi (erekşe bölim) Qazaqstan Respublikasynyñ 1999 jylǵy 1 şildedegi N 409 Kodeksi. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409> (ötiniş berilgen kün: 01.05.2025). (in Kazakh).
- 10 Saqtandyru qyzmeti turaly Qazaqstan Respublikasynyñ 2000 jylǵy 18 jeltosandaǵy N 126 Zańy. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000126_ (ötiniş berilgen kün: 01.05.2025). (in Kazakh).
- 11 Islamic Finance in Kazakhstan: New Amendments. URL: <https://www.bakermckenzie.com/> (accessed: 01.05.2025). (in English).
- 12 Zhanar Oralbaeva, Orazgul Dzhakisheva, Karlygash Kurbanova, Assiya Naukanova. Development opportunities of islamic finance in Kazakhstan: world experience and perspectives. URL: <https://www.e3s-conferences.org/a> (accessed: 01.05.2025). (in English).
- 13 Islamic finance. The Untold Story of Islamic Insurance in Kazakhstan. URL: <https://www.finformed.org/the> (accessed: 01.05.2025). (in English).
- 14 Islamskoe finansirovanie v Kazahstane: chto vazhno znat'. URL: <https://fingramota.kz/ru/news/post/islamskoe-finansirovanie-v-kazahstane-chto-vazhno-znat> (data obrashheniya: 01.05.2025). (In Russian).
- 15 Features of the takaful insurance market. URL: <https://www.atlas-mag.net/en/category/> (accessed: 01.05.2025). (in English).

АБИШЕВА М.Н.,*¹

докторант.

*e-mail: abisheva.meruertkz@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-9558-3987,

ЮХНЕВИЧ Э.Э.,²

PhD, профессор.

e-mail: e.juchnevicius@prawo.ug.edu.pl

ORCID ID: 0000-0001-7390-4885

¹Казахский национальный
университет им. аль-Фараби,

г. Алматы, Казахстан

²Университет Гданьск,
г. Гданьск, Польша

ПРАВОВЫЕ ВОПРОСЫ РАЗВИТИЯ ИСЛАМСКОГО СТРАХОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

В статье рассматриваются правовые проблемы развития исламского страхования в Республике Казахстан. Подробно анализируются теоретические основы исламского страхования, а также его отличия от традиционного страхования. Цель исследования – проанализировать действующую правовую базу исламского страхования в Казахстане и определить механизмы ее совершенствования. Основные направления исследования: рассмотрение теоретических основ исламского страхования, выявление пробелов в национальном законодательстве, анализ путей внедрения стандартов шариата и адаптация международного опыта. Научная значимость исследования заключается в комплексном анализе правовых проблем развития исламского страхования в Казахстане. Практическая значимость состоит в том, что совершенствование правовых основ исламского страхования позволит диверсифицировать финансовый рынок и расширить доступ населения к финансовым услугам, соответствующим исламским принципам. В ходе исследования были использованы методы сравнительно-правового анализа, анализа нормативно-правовых актов, изучения международного опыта и системно-структурный подход. Результаты исследования выявили основные правовые барьеры развития исламского страхования в Казахстане. К ним относятся: отсутствие специального закона, несогласованность стандартов шариата, особенности налогового и бухгалтерского регулирования. Кроме того, были разработаны предложения по внесению изменений в законодательство, укреплению статуса Шариатского совета и внедрению международных стандартов.

Ключевые слова: исламское страхование, такафул, финансовое регулирование, исламская экономика, общий такафул, семейный такафул, страховые организации.

ABISHEVA M.N.,*¹

doctoral student.

*e-mail: abisheva.meruertkz@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-9558-3987

JUCHNEVICIUS E.E.,²

PhD, professor.

e-mail: e.juchnevicius@prawo.ug.edu.pl

ORCID ID: 0000-0001-7390-4885

¹Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan

²Gdansk University,
Gdansk, Poland

LEGAL ISSUES OF ISLAMIC INSURANCE DEVELOPMENT IN KAZAKHSTAN

Abstract

The article examines the legal issues of developing Islamic insurance in the Republic of Kazakhstan. Theoretical foundations of Islamic insurance and its differences from traditional insurance are analyzed in detail. The purpose of the study is to analyze the current legal framework of Islamic insurance in Kazakhstan and identify mechanisms for its

improvement. The main research directions include: consideration of the theoretical foundations of Islamic insurance, identification of gaps in national legislation, analysis of ways to implement Sharia standards, and adaptation of international experience. The scientific significance of the study lies in the comprehensive analysis of the legal issues related to the development of Islamic insurance in Kazakhstan. The practical significance is that the improvement of the legal foundations of Islamic insurance will make it possible to diversify the financial market and expand public access to financial services in accordance with Islamic principles. The study employed methods of comparative legal analysis, analysis of regulatory legal acts, examination of international experience, and a system-structural approach. The results of the study revealed the main legal barriers to the development of Islamic insurance in Kazakhstan. These include: the absence of a special law, inconsistency of Sharia standards, and peculiarities of tax and accounting regulation. In addition, proposals were developed to introduce legislative amendments, strengthen the status of the Sharia council, and implement international standards.

Keywords: Islamic insurance, takaful, financial regulation, Islamic economy, general takaful, family takaful, insurance organizations.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 13.07.2025